

Ахмет Байтұрсынұлы

“ЕКІ ШЫБЫН”

***АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ЖАМБЫЛ
АУДАНЫ, ҰЗЫНАҒАШ АУЫЛЫ
“Ш.УӘЛИХАНОВ ОРТА МЕКТЕБІ
МДШО” ММ***

ЖАКСИБАЕВА САБИРА ЖАКИПОВНА

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- **Білімділік** - оқушыларға А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиетіндегі орнын айту, аудармаларына шолу, «Екі шыбын» мысалының идеясын ашу, әдеби-теориялық талдау жасау.
- **Дамытушылық** - сұрақ, тапсырма, ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен, жаңа технологиялық үрдістерге сай орындай білуге дағдылану, өз пікірін сенімді әрі дәлелді, тұжырымды жеткізе білуге дағдылану.
- **Тәрбиелік** - адамгершілікке, қарапайымдылыққа, өз бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге баулу.

-
- **Сабақтың түрі:** *интеграциялық сабақ*
 - **Сабақтың әдісі:** *сұрақ-жауап, түсіндіру, ассоциация, зерттеу.*
 - **Көрнекілік:** *қоржын, сандықша, карточка, интерактивті тақта*
 - **Пәнаралық байланыс:** *қазақ тілі, сурет, өзін-өзі тану.*

ҮЙ ЖҰМЫСЫ

- 1. Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы.
- 2. «Ақын ініме» өлеңінен үзінді жаттау

СЫР САНДЫҚ



“Сыр сандықшаның” сұрақтары

Ассонанс деген не?

**Өлең жолдарының
бірыңғай дауысты
дыбыстардан басталуы.**

Аллитерация деген не?

**Өлең жолдарының
бірыңғай дауыссыз
дыбыстардан басталуы.**

Эпитет деген не?

**Заттың , құбылыстың
айрықша сипатын,
сапасын анықтайтын
суретті сөз.**

Теңеу деген не?

**Заттың, құбылыстың
ерекше белгілерін
көрсетпей-ақ, оны басқа
затпен, құбылыспен
салыстыра суреттейді**

**Метафора(ауыстыру)
деген не?**

□ Сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау , сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдету, әсерін күшейту.

**Метонимия (алмастыру)
деген не?**

**Өзара шектес заттар мен
себептес құбылыстардың,
өзара байланысты ұғымдар
мен шартты сөздердің
бірінің орнына бірін
қолдану.**

САНДЫҚШАНЫҢ СЫРЫ:

*Адамға тіл, құлақ қандай керек
болса... білім де сондай керек.*

Ахмет Байтұрсынов



САНДЫҚШАНЫҢ СЫРЫ:

*Адамға тіл, құлақ қандай
керек болса... білім де
сондай керек.*

Ахмет Байтұрсынов

Аудармалары

Пушкин
«Ат»,
«Алтын
әтеш»,
«Балықшы
мен балық»,
«Данышпан
Аликтің
ажалы»

**Араб
тілінен
«Нәбік
аты»**

**Вальтер
«Алтын
әтеш»**

**Надсон
«Шайылған
көз
жасымен»**

**Крылов
«Аққу,
шортан һәм
шаян»,
«Егіннің
бастары,
«Өгіз бен
бақа» т.б.**

*Крыловтан аударған
аудармаларының бірі -
«Екі шыбын» мысалы.*

Мысал-эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта болады. Көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады. Идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

“ЕКІ ШЫБЫН” МЫСАЛЫ

*Бір өгіз күні бойы тартып сабан,
Қайтты елге сабанымен кешке таман.
Мүйізінде қара шыбын отыр еді,
Кез болды бір танысы жолда оған
Танысы мұны көріп келе жатқан,
Астында өгізі бар сабан тартқан.
“Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесің, сөйле, - деді, - сен қай жақтан?”
Сонда ол мұрнын көкке көтереді,
Адамсып, маңғазданып жәтеледі:
“Жер жыртып күні бойы шаршап келем,
Мазалап сұрап саған не керегі?”
Адамды кейбір түрлі алып еске,
Қарасақ зибрат бар бұл кеңесте.
Біреудің я қайратын, я дәулетін
Өзімсіп жүретіндер бар емес пе?
Кейбіреу көтереді мұрнын көкке,
Өз әддін өзі білген адам көп пе?
Мақтанып, бәрін де өзім айттым дейді,
Біреудің шылауында жүріп текке.*

СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

Маңғаздану-паңсыну, тәкаппарлану.

*Мақтаншақ адам -мақтау айтуды сүйетін,
өзін өзі асыра бағалайтын адам.*

Әддін-шамасын, күшін.

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ КЕСТЕ

Шығарманың аты	Кейіпкер	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел,

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ КЕСТЕ

Шығарманың аты	Кейіпкер	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел,
«Екі шыбын»	шыбын	мақтаншақ	төмен	Ғылым таппай мақтанба

Сәнді сурет - мәнді сурет. Ол суретшінің сезімі мен мінезін, әрекетін білдіреді.

Әл-Фараби

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС



Byaki.net

ӨЛЕҢДІ ҚҰРЫЛЫСЫНА ТАЛДАУ

3

4

4

Бір ө/гіз //кү/ні бо/йы //тар/тып са/бан, 11а

4

4

4

Қайт/ты ел/ге// са/ба/ны/мен //кеш/ке та/ман. 12а

4

4

4

Мү/йі/зін/де// қа/ра шы/бын// о/тыр е/ді, 12б

3

4

4

Кез бол/ды// бір та/ны/сы //жол/да о/ған. 12а

1 шумақ, 4 тармақ, 2 бунақ, 11-12 буынды, қара өлең ұйқасы

-Балалар, адамның жақсы-жаман қасиеттері туралы қандай мақал-мәтел, афоризмдерді білеміз?

АДАМНЫҢ ЖАҚСЫ-ЖАМАН ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МАҚАЛДАР

- Жақсымын деп мақтанба халық айтпай,
Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.
- Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді.
- Өзі жақсы кісіге, бір кісілік орын бар.
- Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ, шын жақсының ашуы бар кегі жоқ.
- Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады.
Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады.

ЖАҢА САБАҚТЫ БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1.Мысалдан қандай әсер алдыңдар?**
- 2.Мысалды қалай өмірмен байланыстыруға болады?**

ҮЙ ЖҰМЫСЫ

**«Екі шыбын»
мысалын жаттау**